

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Заңнамаға 2024 жылы енгізілген өзгерістер

«БЖЗК» АҚ 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген бірқатар негізгі жаңашылдықтардың күшіне енгенін хабарлайды:

#### 1) «Ұлттық Қор – балаларға» бағдарламасын іске асыру

01.01.2024 ж. бастап Мемлекет басшысы бастамашылық еткен "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асыру басталды. Оның шеңберінде Қазақстан Республикасының барлық кәмелетке толмаған азаматтарына (нысаналы талаптарға қатысушыларға) жыл сайын есепті жылдың алдындағы он сегіз жылдағы орташа алынған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Ұлттық қор) инвестициялық табысының 50% есептелетін болады), сондай-ақ, жыл сайын осы сомаға инвестициялық кіріс есептеледі.

Осылайша, 2024 жылдың қаңтар айында БЖЗК 2023 жылдың 31 желтоқсанының соңындағы жағдай бойынша "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан алынған мәліметтер негізінде нысаналы талаптарға қатысушылардың электрондық тізімін жасайды.

Осы тізім және ҚР ҰБ-дан Ұлттық қор кірісінің 50% сомасы туралы алынған ақпарат негізінде БЖЗК бір балаға арналған 2023 есепті жылдағы нысаналы талаптардың сомасын есептейді және оны өзінің ақпараттық жүйесіне енгізеді.

Нысаналы талаптарға қатысушыларға нысаналы талаптарды есептеу 01.02.2024ж. кешіктірілмей жүзеге асырылады. Оларды төмендегі тәсілдер арқылы тексеруге болады:

занды өкілдерге "электрондық үкімет" веб-порталындағы Жеке кабинетінде ([www.egov.kz](http://www.egov.kz));  
БЖЗК-ның интернет желісінен ([www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)).

Бұған қоса, БЖЗК-ның [enpf.kz](http://enpf.kz) интернет-ресурсында статистикалық ақпарат тұрақты түрде орналастырылады. Атап айтсақ:

1) нысаналы талаптарға қатысушылар мен нысаналы жинақтарды алушылардың жасы, жынысы, тұратын өңірлері бөлінісі бойынша саны туралы есеп;

2) нысаналы жинақтарды уәкілетті операторлар, өңірлер және қосалқы мақсаттар бөлінісінде тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында пайдалану жөніндегі есепті қамтиды.

Бағдарламаға қатысушыларға нысаналы талаптарды есептеу олар 18 жасқа толғанға дейін жыл сайын жүргізілетін болады. Нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтарды есепке алу АҚШ долларымен жүзеге асырылады.

18 жасқа толған кезде нысаналы жинақтарды алушы жинақталған соманы тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында ғана пайдалануға құқылы.

Нысаналы жинақтарды алу үшін нысаналы жинақтарды алушы не оның заңды өкілі БЖЗК-мен өзара іс-қимыл туралы келісім жасасқан уәкілетті операторлардың біріне (ЕДБ және "Қазпошта" АҚ) жүгініп, уәкілетті операторда АҚШ долларымен банк шотын ашуы керек. Нысаналы жинақтар төлемін пайдалану мақсатын (тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе білім алуға ақы төлеу) көрсете отырып, нысаналы жинақтар төлеміне өтініш беруі (уәкілетті оператордың интернет ресурсы арқылы) қажет.

Қазақстан Республикасының азаматтығынан 18 жасқа толғанға дейін де, 18 жастан кейін де шыққан немесе Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған адамдар нысаналы жинақтарды пайдалану құқығынан айырылады.

Жеке тұлға қайтыс болған жағдайда, нысаналы жинақтар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

## 2) Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының енгізілуі

01.01.2024 жылдан бастап қолданыстағы жинақтаушы зейнетақы жүйесі жаңа шартты-жинақтаушы құрамдауыш - жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарымен (ЖМЗЖ) толықтырылды.

ЖМЗЖ мөлшері қызметкердің ай сайынғы табысына байланысты және жұмыс берушінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын болады. Жұмыс берушіге түсетін жүктеменің теңгерімді болуы мақсатында ЖМЗЖ жарнаны кезең-кезеңімен ұлғайта отырып аударылатын болады:

- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 1,5 пайыз мөлшерінде;
- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2,5 пайыз мөлшерінде;
- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 3,5 пайыз мөлшерінде;
- 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 4,5 пайыз мөлшерінде;
- 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 5 пайыз мөлшерінде.

ЖМЗЖ-ны біртіндеп енгізу, сондай-ақ, оны салық салынатын табыстан шегеру жұмыс берушіге түсетін жүктемені жеңілдету үшін қарастырылған. Сонымен қатар, заңнамаға сәйкес, ЖМЗЖ барлық жұмысшылар үшін емес, тек 1975 жылы және одан кейін туылғандар үшін төленуі керек.

2024 жылдан бастап ЖМЗЖ енгізу қызметкер зейнетке шыққаннан кейін оның зейнетақымен қамсыздандырылу деңгейін арттыруға ықпал ететін болады.

## 3) Зиянды өндірістерде жұмыс істейтін қызметкерлерге арнайы әлеуметтік төлемдер

Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар 55 жасқа толған және олар үшін жиынтығында кемінде 84 ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МКЗЖ) төленген кезде:

**1.** еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда **жұмыс істейтін** адамдардың арнайы әлеуметтік төлемге құқығы бар. Ол төмендегі төлемдерді қамтиды:

- 1) арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы;
- 2) зейнетке шығу алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі;
- 3) жұмыс берушінің қаражаты есебінен кәсіптік төлем;
- 4) БЖЗҚ-дан МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемі.

Арнаулы әлеуметтік төлемдерге құқық қызметкер зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда еңбек қызметін тоқтатқан немесе зиянды өндірістік факторлардың әсерін болдырмайтын басқа жұмысқа ауысқан жағдайда туындайды;

**2.** зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда **жұмыс істемейтін** (жұмыстан босаған) адамдардың мыналарға құқығы бар:

- 1) арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы;
- 2) БЖЗҚ-дан МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемі.

## 4) Зейнетақы жинақтарын өмірді сақтандыру компаниясына аударуды оңтайландыру

Сақтанушының қалауы бойынша зейнетақы аннуитеті шарты (бұдан әрі - ЗАШ) сақтандырушыға жазбаша өтініш жасау не сақтандырушының интернет-ресурсын немесе сақтандыру жөніндегі дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым (бұдан әрі - БСДК) – "Мемлекеттік кредиттік бюро" АҚ-ның (бұдан әрі - МКБ) қатысуымен құрылған интернет-ресурсты пайдалана отырып сақтанушы мен сақтандырушы арасында ақпарат алмасу жолымен жасалуы мүмкін.

Осылайша, жаңашылдықтарға сәйкес, 01.01.2024 ж. бастап сақтандыру ұйымдарымен ЗАШ жасасқан салымшыларға (алушыларға) БЖЗҚ-ға зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару туралы өтінішпен жүгінбеуге болады.

Бұл ретте сақтандыру ұйымдары МКБ иесі болып табылатын бірыңғай сақтандыру дерекқорына (БСДҚ) жасалған ЗАШ туралы мәліметтерді беру арқылы БЖЗҚ-мен жасалған ЗАШ бойынша деректер алмасуға міндетті болады.

Өз кезегінде МКБ БЖЗҚ-мен жасалған тиісті келісім негізінде БЖЗҚ-ға сақтандыру ұйымдарынан алынған, жасалған ЗАШ туралы мәліметтерді беретін болады. Жасалған ЗАШ бойынша МКБ арқылы деректер алмасу тәртібі мен мерзімдері № 44 Қағидаларда реттелген.

БЖЗҚ № 44 Қағидаларға сәйкес МКБ-дан мәліметтер алған кезде ҚР заңнамасының талаптары сәйкес келген жағдайда, зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына МКБ-дан жасалған ЗАШ туралы мәліметтерді алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде аударарды.

Сонымен қатар, өтініш берушінің **зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасын ұсына отырып**, зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару туралы өтініш беру мақсатында БЖЗҚ-ға жүгіну құқығы сақталады.

«БЖЗҚ» АҚ Басқарушы директоры М.Т. Шәріповтың аталған өзгерістер туралы түсініктемесі Қордың You-tube арнасында жарияланған және мына сілтеме бойынша қолжетімді:  
<https://www.youtube.com/watch?v=YgvNjhZB38A> (қазақ тілінде)

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасы Ж.Б. Құрмановтың аталған өзгерістер туралы түсініктемесі Қордың You-tube арнасында жарияланған және мына сілтеме бойынша қолжетімді:  
<https://www.youtube.com/watch?v=jyJKIHbLvVY> (орыс тілінде)

*БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*